

**Мектепке дейінгі ұйымдарға 2022 жылдың мамыр айына мемлекеттік
білім беру тапсырысын орналастыру бойынша комиссия отырысының
алдын ала қарау
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Дәулет ауылдық округі

«20» мамыр 2022 ж.

Төрағалық еткен: Комиссия төрағасы – Б. Демократұлы

Қатыспағандар: Р.Дәрібаева -Атамекен ауылдық округі аппараты,
Е. Аманов- Мұнайлы ауданы әкімінің аппараты,

Шақырылғандар: комиссия мүшелері

Күн тәртібінде:

1. Жаңадан ашылатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру конкурсына қатысу үшін құжаттарын алдын ала қарау және құжаттарын тексеру туралы;

2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған орын саны мен балабақшалар тізімін бекіту туралы.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша комиссия төрағасы Б.Демократұлы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, сондай-ақ жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы басшылыққа алынып, мектепке дейінгі ұйымдарға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша білім бөлімінің сайтына конкурсқа құжаттар қабылданатындығы туралы хабарландыру берілгендігін айтып өтті.

Осыған орай, комиссияға түскен өтініштер салынған конвертерді ашу арқылы конкурсқа қатысушыларды анықтап, құжаттарымен танысу керек екендігін ұсынды. Конкурсқа жаңадан ашылатын 2 жекеменшік балабақша құжаттарын тапсырғандығын және бұрын мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған «Сая» жекеменшік балабақшасы қосымша 30 орынға, «Мариям» жекеменшік балабақшасы қосымша 80 орынға, «Өмірзақ» жекеменшік балабақшасы қосымша 11 орынға, «Жанымай» МЖӘ жекеменшік балабақшасы қосымша 23 орынға өтініш бергендігін айтып өтті.

Комиссия мүшелері конкурсқа түскен Батыр ауылында орналасқан «Қазына», «Кенже» жекеменшік балабақшасының құжаттарын толықтай қарап, танысып шықты. Комиссия мүшелері «Қазына» жекеменшік балабақша құжаттарының толық екендігін ескеріп, келесі комиссия отырысына жіберілетіндігін айтты. «Кенже» жекеменшік балабақшасының

құжаттары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығының 1 тарау 19 тармақшасында көрсетілген
-өз қызметінің басталғаны туралы білім беру саласындағы уәкілетті органды хабардар еткен хабарлама;
-заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы немесе кәуліктің көшірмесі;
-мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары үшін қолданылатын жылжымайтын мүлікке (жекеменшік немесе жалға алынған) құқықты белгілеуші құжаттары толық болмауына байланысты бас тартылады.


Комиссия мүшелері құжаттарды толықтай сараптап қарап, төмендегідей шешім шығарды.

Шешім:

1. Комиссия отырысының шешімімен алдын ала қарау отырысына қатысқан «Қазына» жекеменшік балабақшасының құжаттары комиссия отырысына жіберілсін.
2. «Кенже» жекеменшік балабақшасының құжаттары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығының 1 тарау 19 тармақшасына сәйкес құжаттары толық болмауына байланысты бас тартылсын.
3. Батыр ауылында орналасқан қолданыстағы 45 орындық «Сая» балабақшасына қосымша – 30 орын, барлығы – 75 орынға, «Мариям» балабақшасы-80 орын барлығы-140 орынға, және Атамекен ауылында орналасқан қолданыстағы 60 орындық «Өмірзақ» балабақшасына қосымша – 11 орын, барлығы – 71 орынға, Маңғыстау ауылында орналасқан 140 орындық «Жанымай» балабақшасына қосымша-23 орынға кеңейту туралы құжаттары конкурстық отырысқа жіберілсін.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы





Б. Демократұлы


Ш. Избасарова


Комиссия мүшелері



(қолы)


Т.А.Ө


(қолы)


Т.А.Ө


(қолы)


Т.А.Ө

Турсунбаева Ж. И. Турсунбаева

(КОЛЫ)

Т.А.Ә

Турсунбаева

(КОЛЫ)

А. К. Турсунбаева

Т.А.Ә

Ханданов

(КОЛЫ)

А. И. Ханданов

Т.А.Ә

Сенкенов

(КОЛЫ)

Р. Н. Сенкенов

Т.А.Ә

(КОЛЫ)

Т.А.Ә

(КОЛЫ)

Т.А.Ә

(КОЛЫ)

Т.А.Ә